

**"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 96 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 437 қаулысы

«Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 18 желтоқсандағы № 449 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 96 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 18, 213-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

«Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген 3-бөлімде:

«Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген 3.1-кіші бөлімде:

«Қазақстан халқын біріктіру факторы ретінде төзімді тілдік орта құру» деген 3-стратегиялық бағытта:

«Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік және біріктіру функцияларын кеңейту» деген 3.1.1-міндетте:

тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шараларда:

мына:

«

Қазақстанның барлық азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеру жүйесін құру бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыру	X	X	X	X	X
--	---	---	---	---	---

»

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

Қазақ тілін латын графикасына ауыстыру жөніндегі дайындық жұмысын жүргізу	-	-	X	X	X
---	---	---	---	---	---

»;

мына:

«

--	--	--	--	--	--

Мемлекеттік тілді қолдану саласын кеңейту және мәртебесін арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу	X	X	X	X	X
--	---	---	---	---	---

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

Мемлекеттік тілді танымал етуге, оның беделін арттыруға және қолдану саласын кеңейтуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу	X	X	X	X	X
---	---	---	---	---	---

»;

мына:

«

Қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру және жүйелендіру жұмыстарын ұйымдастыру (ономастика, терминология, антропонимика саласында)	X	X	X	X	X
--	---	---	---	---	---

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

Қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру, жаңғырту және жүйелендіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру (ономастика, терминология, антропонимика саласында)	X	X	X	X	X
--	---	---	---	---	---

»;

«Қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын сақтау» деген 3.1.2-міндетте: тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шараларда:

мына:

«

Шет тілдерін оқыту үдерісінің кең білім беру кеңістігін сақтау жұмыстарын жүргізу	X	X	X	X	X
---	---	---	---	---	---

»

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

Үштілділікті енгізуді ынталандыруға бағытталған шараларды әзірлеу	-	-	X	-	-
---	---	---	---	---	---

».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н*  
*С. Ахметов*

*Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*